

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

-----Ә.Кеулімжай

« 01.09 » 2022ж

«Келісемін»

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

-----Б.Аханова

« 01.09 » 2022ж

2022-2023 оқу жылына арналған тұтықпасы бар балалармен
жүргізілетін сабақтың күнтізбелік жұмыс жоспары

Түсінік хат

Тұтықпа балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары бір оқу жылына жоспарланған. Түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны келесі бағыттарда болады: бұлшықет тонусын босаңсыту арқылы эмоционалдық жағдайды реттеу, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын қалыптастыру, қимыл-қозғалыс ырғақтылығы мен үйлесімділігін (координациясы) дамыту, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды қалыптастыру, сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту.

Тұтықпа балалардың бұлшықет тонусын босаңсыту арқылы эмоционалдық жағдайды реттеуде келесі жаттығулар кешені қолданылады: қол, аяқ және дене бұлшықеттерін босаңсыту жаттығулары, мимикалық және артикуляциялық бұлшықеттерін босаңсыту жаттығулары және жалпы және ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.

Сөйлеу кезіндегі тыныс алуды қалыптастыру жұмыстары келесі кезектілікпен жүргізіледі: диафрагмалды дем шығаруға дайындық және диафрагмалды дем шығаруды қою, ұзақ тілдік емес дем шығаруды қалыптастыру, ұзақ фонациялық дем шығаруды дамыту, тілдік (дауысты дыбыстар эталоны арқылы), тілдік дем шығаруды буындарда (ашық, тұйық, бітеу), сөздерде (екі буынды, үш буынды, күрделі құрылымды), сөз тіркестерінде (екі сөзден, үш сөзден, күрделі құрылымды), сөйлемдерде, мәтіндерде, өлең жолдарынды) дамыту.

Жұмыстың келесі бағыты – қимыл-қозғалыс ырғақтылығы мен үйлесімділігін (координациясы) дамыту. Бұл бағытта тілдік және тілдік емес қимыл-қозғалыстың ырғағы мен жылдамдығын сезінуін дамыту, жалпы және артикуляциялық моториканың жылдамдығы мен ырғақтылығын байланыстыру (логоритмика), бұлшықет тонусын реттеу (ырғақты жаттығулар арқылы), жылдамдық пен ырғақ сезімін дамыту (әртүрлі музыкалық жылдамдық пен ырғақта жүру, шапалақтау), сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту (дауысты дыбыстарда, буында, сөздерде, сөз тіркестерінде, мәтінде сөйлеу мен қимыл-қозғалысты үйлестіру) жұмыстары жүргізіледі.

Сөйлеу тілінің просодикалық жағын дамыту: Дауыс күші мен динамикалық диапазонын дамыту (дауысты дыбыстар арқылы), дауыстың әуесділігін дамыту, сөйлеу тілін интонациялық безендіру дағдыларын дамыту, сөйлеу тіліндегі кідірістермен жұмыс.

Түзете-дамыту жұмыстарының тапсырмалары қарапайымнан күрделіге қағидасын негізге ала отырып құрастырылды.

Тұтықпасы бар балалармен жүргізілетін сабақтың күнтізбелік жұмыс жоспары

Айы	Сабақтың тақырыбы	Сабақ саны	Мерзімі
Қыркүйек	Тұтықпасы бар оқушыларды анықтау. ПМПК тексеруінен өткізу		3- 15.09.
	Баланы зерттеу. Сөйлеу картасын толтыру	2	17-21.09
	Дұрыс дем алу мен дем шығаруды дамыту. Сөйлеу ережелерін қадағалау	2	24-28.09
Қазан	Терең дем алуды дамыту. Дауыс ырғағымен жұмыс	2	01-05.10.
	Дұрыс дем алуды және дауыс күшін дамыту	2	08-12.10
	Мәнерлі сөйлеу ырғақтылығын, кеңістікте бағдарлауын дамыту	2	15-19.10
	Саусақ жаттығулары. Суджок терапия	2	22-26.10
Қараша	Бірқалыпты дем алуын дамыту. Сөйлеу мәнерінің анықтылығымен жұмыс	2	05-09.11
	Физиологиялық тыныс алуды дамыту. Сөйлеу тілінің ырғағымен, қарқынымен жұмыс	2	12- 16.11
	Сөз. Тіл не үшін қажет?	2	19-23.11

	Тіл ұстарту жаттығулары	2	26-30.11
Желтоқсан	Артикуляциялық жаттығулар.Бет бұлшық еттеріне массаж	2	03- 07.12
	Релаксациялық жаттығулар	2	10- 14.12
	Сөйлеу әуезділігі бойынша жұмыс. Төрт жол өлең шумақтарын тұтықпай айтуға дағдыландыру	2	18- 22.12
	Жаңа жылдық көңіл- күй! Тұқтықпасыз байланыстырып сөйлеу	2	24- 28.12
Қаңтар	Қыс қызығы (әңгімелесу)	1	10-11.01
	Сөйлеу тілінің ережелерін сақтап, ойланбастан сөйлемдерді айту	2	14-18.01.
	Дауыс ырғағымен жұмыс. Дұрыс тыныс алуды дамыту. Әр түрлі қиындықтағы сөздерді айтып жаттығу	2	21-25.01
	Жаңылтпаштар жаттау	2	28-01.02
Ақпан	Дауыс ырғағын биіктету және төмендету	2	04-08.02
	Сөйлеу қарқыны мен ырғағы бойынша жұмыс	2	11-15.02
	Дыбыс баспалдағы	2	25.02.-01.03

Наурыз	Өмір гүлі, өмір жыры - Аналар!	2	04-07.03
	Сөйлемдерді берілген интонация бойынша айту	2	11-15.03
	Жылдың басы, жырдың басы- Наурыз	1	18-20.03
Сәуір	Түрлі қиындықтағы сөздерді тұтықпай айтуға дағдыландыру	1	03-05.04
	Хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдер бойынша жұмыс	2	08-12.04
	Дауыс ырғағымен, қарқынымен жұмыс. Фразаларды үзіліспен айтуда жаттығу	2	15-19.04
	Сөйлеу қарқыны мен мәнерін жақсартуға арналған жаттығулар	2	22-26.04
Мамыр	Бүкіл жер шарының балалары достықта! (өлең айту)	2	29.04-03.05
	Сахналық және сюжетті рөлдік ойындарда еркін қарым-қатынасқа дағдыландыру	1	10.05.20
	Тілдік қарым-қатынас бостандығы. Сөйлеу кезінде тұтықпасыз сөйлеуге дағдыландыру	2	13-17.05
	Логопедиялық жұмысты қорытындылау	2	20-25.05.